

Г. М. МАМЫРБЕКОВА

ҚЫПШАҚ ТІЛДЕ ЕСКЕРТКІШТЕРДЕГІ ОДАҒАЙЛАР

Тіл білімінде өлі тіл қатарына жататын есқиңілдіктерге қыпшақ тілінің лексикалық құрамы қалай қалыптасты, жеке тілдерге қандай даму сатыларымен ыдырады, қыпшақ тілдерінің лексикалық сипаты мен морфологиялық белгілері, бір бірінен айырмашылықтары мен ұқсастықтары деген сияқты т.б. көптеңген мәселелер төнірегінде ғалымдар тарапынан әртүрлі пікірлер қалыптасқан, бірақ ғылыми түрде нақты тиянакталған жок, дегенмен қыпшақтар қайdan шықты, кайда кетті деген сияқты сұрақтарға біршама нақты тұжырымдар да айтылды. Қазақ халқының этногенездік тарихи көздері мен түркі тілдері жүйесіндегі орнын анықтауға байланысты қыпшақтың негізі тарихшылар айқындалап, белгілеп берді. Деректерге сүйенсек, оғыздардан кейін (IX–X ғғ.) қыпшақтар билігінің орнауымен Алтын Ордада (XII–XIV ғғ.) қыпшақ тілі ресми әрі әдеби тіл ретінде қолданылған. Осымен байланысты «Дешті Қыпшақ» (Қыпшақтар даласы) деген атаудың пайда болғаны мәлім.

«Көне қыпшақ тілі» терминін ең алғаш қолданған отандық ғалым Н.Сауранбаев еді. Ғалым: «Қазіргі қазак тілі – көне қыпшақ тілінің жаңа заман кезіндегі жаңа жағдайға байланысты өсіп, өркендеген түрі», – дей отырып, қазак тілінің бас-қа қыпшақ тілдерінен айыратын негізгі белгісіне дыбыс үндестігін жатқызған. F.F.Мұсабаев қазақ тілінің түп негізі үйін диалектісі десе, С.А.Аманжолов қазіргі әдеби тіліміз үш жүздің диалектісі негізінде қалыптасты деген пікірлер айтқан болатын.

Қыпшақтардан бұрын тарих сахнасында оғыздардың орны үлкен болғаны мәлім. Сондықтан да болар Алтын Орда дәүірінде пайда болған жазба мұрағаттардың басым көшпілігін ғалымдар оғызып және қыпшақ аралас тілдердің негізінде жазылған деп көрсетеді. Тіпті ғалым Э.Н.Наджип Орта Азия және Алтын Орда жерінде жазылған жәдігерлер тілін бес топқа бөліп қарастырганы белгілі (ескі түркімен жазба тілі, оғыз-қыпшақ жазба тілі, қыпшақ-оғыздық жазба тіл, түркі тілдерінің з тобына жататын жазба тіл, ескі өзбек әдеби тілі).

Э.Наджиптің бұл таптастыруы тіл тарихын зерттеушілерді үлкен қателікке ұрындырғанын ғалым М.Сабыр өз енбегінде нақты дөлелдермен көрсетіп, мынадай ұттымды тұжырым ұсынады: «Бұл кезеңдегі мұралардың тілінде оғыз, қыпшақ, ұйғыр элементері мидай араласып жатыр және олар

диалектілік белгілер ғана. Олардың лексикасындағы ортактықтар мен ұқсастықтар деңгей 60-70 пайыз болса, айырмашылықтар көлемі 20-30 пайыздан аспайды. Осындағы сәл-пәл ерекшеліктерге бола тұтас тілді жоғарыдағы дай бірнеше тілге жіктеген Э.Наджиптің тұжырымы, біздің ойымызша, құптарлық іс емес. Белгілі ғалымның осындағы пікірі кейінгі зерттеулерге әсер еткені соншалық, түркітануда жазба жәдігерліктерді жеке өз ұлтына телу, иемдену әрекеті өршіді. Мәселен, Қожа Ахмет Яссайдің «Диуани хик-метін» бір ғалымдар түркімен тілінде жазылған десе, енді біреулері өзбек тілі тарихымен тікелей байланыстыра қарайды... Әрине «ескі өзбек тілі» бір кездерде болуы әбден мүмкін. Бірақ Орта Азия түркітерінің тілінде туған жазба әдеби мұралардың барлығын (X–XIII ғғ.) ескі өзбек тілінде жазылған деп есептейтін А.М.Щербак пен Э.Фазыловтың пікірлері ешқандай ғылыми тұжырымның аясына сыймайды және тарихи әділеттілікке қиянат» [1, 7-8].

Біздің мақсатымыз қыпшақ тілді ескерту-терде (Кодекс Куманикус, Әбу Хайан «Китаб ал Идрәк ли-лисан ал-атрак», Құтып «Хұсрау уа Шырын» және Әбілғазының «Түркі шежіресі») кездесетін одағай сөздерге талдау жасап, қазіргі қазақ тілімен сабактастығын көрсету.

Одағай сөздер негізінен адамның көніл-қүйін, сезімін білдіру үшін және де бұйыру, ишара білдіру, жеке, жануарларды шақыру, қарғау мақсатында қолданылады. Одағайлардың басқа сөз таптарынан өзгешелігі – олардың жеке тұрып лексикалық мағынаны білдіре алмауы, нақты ұттымдық мәнінің болмауы және басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түспеуі. Жалпы одағайлар жұмысалу орнына қарай бір мағыналы және көп мағыналы болып келетіні мәлім. Мысалы тіліміздегі қап, алақай сөздері үнемі тек бір мағынада ғана жұмысалады: өкіну және куану. Ал a! ә! одағайлары сұрау, ренжу, жекіру, шакырганға жауап кату, ойға түсіру, біреуді өзіне қарату, әжуалату, мысқылдау мағынасында да қолданылып жатады. Одағайлардың көп мағыналылығы негізінен интонация арқылы көрініс табады.

Ғалым F.Айдаровтың көрсетуінше, Орхон-Енисей жазбаларында одағай сөз қатарына жатқызылып жүрген бір ғана сөз бар. Бірақ ғалым бұл сөзді одағай емес, көсемше деп есептейді: айыта.

Қазіргі кезеңде одағайлар З топқа бөлініп

көрсетіліп жүр:

1. Көніл-күй одағайлары;
2. Императивтік одағайлар;
3. Тұрмыс-салт одағайлары [2, 564].

1. Көніл күй одағайлары. Бұл топтағы одағайлар адамның әртүрлі сезімдерін, көніл күйін білдіреді. Сондықтан бұл топтағы одағайлар негізінен жағымды және жағымсыз көніл күйді білдіреді.

Ескерткіштерде бұл топқа жататын мынадай одағай сөздер бар:

Үай, сен іазулы кіши – Ай, сен жазықты кісі!

Айвай, тейү қылды іфған – ойбай деп шашын жүлді.

Иүрір өз халыны таңлаб қылу вай – жүрер өз халин ойлап, ойбай салып.

Қаны ол Иусуфум тейү қылу аń – қане ол Жүсібім деп аЬ үрдь.

Даріга мен қатыңда болмагайман – дариғай (шіркін) мен касында болмаймын-ау.

О, сіз барыңыз – О, сіз барыңыз!

Е, татты бейгінем – е, тәтті бейгінем!

2. Императивтік ишара одағайлары. Бұл топқа адам не хайуанға бағышталып айтлатын шақыру, жекіру, тыйым салу, бұйыру мақсатымен қолданылатын одағай сөздер жатады.

Ескерткіштерде кездесетін төмендегідей одағайларды біз осы топқа жатқыздық:

Айтты ай шаңыниша шадыман бол – айтты, эй шаңынша, шадыман бол (куан).

Айа сен кітабны оқыған кіши – ей, кітапты оқыған кісі.

Ай ана, мұсылман болғыл егер мұсылман бол-

масаң өлсем өлермін сенің емчегіңі еммен теб –
Ай, ана! Мұсылман бол, егер мұсылман болмасан, өлсем де сенің емшегінді ембеспін деуші еді.

Малға, үй хайуандарына бағышталып айттынын одағайлар ескерткіштерде кездеспейді.

3. Тұрмыс-салт одағайлары. Бұған адамдардың амандасу, коштасу т.б. сыйластық белгісі ретінде қолданылатын сөздері жатады. Бұлар тілімізде шағын ғана топ құрайды: *Xош, Хайыр, Раҳмет, Ассалаумагалейкум, Құт, Ләббай, кеш жарың.*

Тұрмыс салт одағайлары ескерткіштер тілінде кездеспейді деуге болады.

Қорыта айтқанда, біз караған қыпшақ тілді ескерткіштерде кездесетін жоғарыдағы мысалдардың барлығындағы одағай сөздердің мәні қазіргі тіліміздегі мағынасынан еш айырмашылығы байқалмайды. Ал қыпшақ тілді жазба ескерткіштерде одағай сөздердің аз қолданылу себебін одағайлардың көбінесе көркем шығарма тіліне тән (есіресе диалог) болғандығымен байланыстыруға болады, сондықтан да орта ғасырларда белгілі бір нормаға катаң бағынған жазба тілде олардың аз кездесуі түсінікті жайт.

ӘДЕБІЕТ

1. Сабыр М. Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабактастығы. Алматы: Қазақ университеті, 2004. 316 б.

2. Қазақ грамматикасы. Астана. 2002. 784 б.